

Талдықорған қаласы көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы мәслихатының 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 53 шешімі және Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі N 9-365 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының әділет басқармасында 2008 жылы 23 мамырда N 2-1-80 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы, 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 13-бабының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес, Талдықорған қалалық ономастикалық комиссиясының 2008 жылғы 9 сәуірдегі қорытындысының негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып Талдықорған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Талдықорған қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаланың төмендегі көшелерінің атауларын өзгертілсін:

- 1) Талдықорған қаласының "Восточный" көшесі "Шығыс" көшесіне өзгертілсін;
- 2) Талдықорған қаласының "Базарная" көшесі "Қарқара" көшесіне өзгертілсін;
- 3) Талдықорған қаласының "Лесная поляна" көшесі "Ақ қайың" көшесіне өзгертілсін;
- 4) Талдықорған қаласының "Лесная" көшесі "Теректі" көшесіне өзгертілсін;
- 5) Талдықорған қаласының "Луговая" көшесі "Шалқар" көшесіне өзгертілсін;
- 6) Талдықорған қаласының "Новый" көшесі "Жаңа тұрмыс" көшесіне өзгертілсін;
- 7) Талдықорған қаласының "Талдықорганская" көшесі "Талдықорған" көшесіне өзгертілсін;
- 8) Талдықорған қаласының "Речная" көшесі "Бұлақты" көшесіне өзгертілсін;
- 9) Талдықорған қаласының "Рылеев" көшесі "Хан тәңірі" көшесіне өзгертілсін;
- 10) Талдықорған қаласының "Семиреченская" көшесі "Жетісу" көшесіне өзгертілсін;
- 11) Талдықорған қаласының "Фестивальная" көшесі "Мереке" көшесіне өзгертілсін.

2. Талдықорған қаласының тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы (М. М. Қалиев) аталған көшеге тиісті маңдайшаларды 2008 жылғы 1 маусымға дейін орнатсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Л.Базарқұловаға жүктелсін.

